

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

алу шараларын талқылау мен банктерді бақылау әрекеттерін қатайту шешімі қабылданды. Мексикалық саммит 2012 жылы 18 және 19 маусымда Лос-Кабоста өткен болатын.[5]

«Жиырма мемлекет тобы» өз жұмысын жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыстың етек жайған кезінде жасай бастады және мұның нәтижесі ретінде мемлекет басшылары деңгейінде өткізілген саммит қарастырылады (Вашингтон қаласы, 2008 жыл). Бұл форум мүшелері алдарына қазіргі және болашақ қаржы-экономикалық дағдарыстың алдын алу, әлемдік экономиканың реттелген дамуын қамтамасыз ету, заманауи жағдайдағы жаһандық басқару архитектурасын қайта құру сынды міндеттер қойды. Форумның сипаты мемлекет және үкімет басшыларының деңгейіндегі кездесуге ауысқаннан бастап G20 макроэкономикалық саясатты реттеуші, халықаралық экономикалық саясатқа әсер етуші механизм болып саналды. Аталмыш ұйымның негізгі жетістіктері: жедел дамушы экономикалардың рөлін арттыру, экономикадағы жаңа проблемалардың алдын алу үшін қаржылық және ұйымдастырушылық «құтқарушыларды» ойлап табу, халықаралық қаржылық институттарды қайта қалыптастыру, ұлттық қаржылық институттардың қызметін бақылауды нығайту мен тәртіпті жақсарту, қаржылық реттеу жүйесін нығайту (ең алдымен, реттеу проблемалары дағдарысқа әкеп соқтырған елдерде).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. <http://ru.g20russia.ru/>Информация о функционировании ежегодного форума G20.
2. <http://www.g20yeturkey.org/>Түркия мемлекетіндегі саммит: кездесу барысы және қорытынды.
3. <https://www.nur.kz/> Түркияда өтетін G20 саммитінің қауіпсіздігін 12 мың полиция қадағалайды.
4. <http://ortcom.kz/>АЗАМАТТЫҚ САММИТ, ТҮРКИЯ.
5. <http://turkystan.kz/>Әлем алпауыттары бір форум аясында.
6. <http://www.trt.net.tr/>Үлкен 20 (G20) дегеніміз не?
7. Summit on Financial Markets and the World Economy. White House (11 ноября 2008).
8. Differences on Economy Set to Play out in Toronto. The Hindu (India) (June 25, 2010).
9. Саммит «Двадцатки» в Сеуле: дискуссии о торговле (рус.), Голос Америки (11 ноября 2010).
10. <http://ru.g20russia.ru/> Опубликована Санкт-Петербургская декларация лидеров «Группы двадцати».
11. <http://news.caravan.kz/>G20 собираются на саммит в Мексике.
12. Сюжет: Саммит G20 в Брисбене «Российская газета».
13. <http://www.vesti.ru/>G20 в Канне займется предотвращением угрозы нового кризиса.
14. <http://www.kp.ru/>Итоги саммита G20 в Лондоне: «Мы достигли исторического компромисса», Юлия Куприна.

ОӘК 327.3.00. 327.8.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭММИГРАЦИЯ: «АҚЫЛКӨШ» МӘСЕЛЕЛЕРІ

Смағұлова Ботакөз Амангелдіқызы

smagulovabotagoz@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУХалықаралық қатынастар факультетінің 4-курс студенті, Астана.
Ғылыми жетекшісі – Далелхан Айболат

Қазіргі кездегі интеграция және жаһандану процестеріне байланысты туындап отырған маңызды мәселелердің бірі миграция болып табылады. Жыл сайын әлемде 200 миллионнан астам еңбек мигранттары отанын тастап, әлемнің басқа бөліктеріне сапар шегуде. Егер де осы адамдарды бір елге орналастырса, әлемдегі бесінші тығыз қоныстанған ел пайда болар еді.

КСРО-ның ыдырауы кезеңіндегі алғашқы эмиграциялық толқындар

Қазақстан Кеңес Одағының ыдырауынан кейін күрделі демографиялық жағдайды бастан кешірді. Халықтың саны 14 миллион 8851 мыңға теңелген 2001 жыл тәуелсіз еліміз үшін өте ауыр тиді. Туылу және өлім көрсеткіштерінен басқа демографиялық мәселелерге миграциялық процестер де әсер еткен еді. Ресми деректер бойынша, 1990-1998 жылдар аралығында Қазақстаннан 200-400 мың адам басқа елдерге қоныс аударды. Тек 2004 жылы ғана иммигранттардың саны эмигранттар санынан асқан еді. Соған қарамастан, Қазақстанда маман кадрлар мен жұмыс күшінің шетелге қоныс аудару тенденциялары тоқтатылған жоқ. Бұл тенденция тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында саяси, этникалық факторларға негізделсе, кейін әлеуметтік-экономикалық, экологиялық сияқты басқа да факторлар пайда болды.

КСРО-ның ыдырау кезеңінен басталған зерттеу нәтижелері бойынша қазақстандық мигранттардың 89%-ы Еуропаға (3,7 млн адам), 8% Азия-Тынық мұхиты аймағына және 30 мың адамнан АҚШ пен Таяу Шығыс елдеріне көшкен еді.[1] Қазіргі кезде әлемнің түкпір-түкпірінде орналасқан елдерден қазақстандықтарды кездестіруге болады. Мәселен, Ресейде - 650 мың, Германияда - 700 мың, Украинада – 250 мың, Беларусьда – 70 мың, Қырғызстанда – 50 мың, АҚШ-та - 30 мың, Түркия, Польша және Латвияда және Канадада – 10 мыңнан аз қазақстандық мигранттар өмір сүруде.[2]

Қазақстандық эмиграцияның себептері

Kapital.kz іскерлік порталының жүргізген сауалнамасы қазақстандық эмиграцияның негізгі себептерін анықтап берді. Қатысушылардың 64%-дан көбі өмір сүру жағдайын жақсартуды негізгі себеп деп тапса, 21%-дан көп респондент шетелдегі жалақысы жоғары жұмысты атап көрсетті. 12%-ға жуық қазақстандықтар осы бір тенденцияға негіз болған фактор ретінде тарихи Отанына оралуды санаса, тек 2,5% «өз бизнесін құру» деген пунктін көрсетті. Кейбір респонденттердің айтуынша, эмиграцияға әсер етуші факторлардың бірі – Қазақстанның этникалық әртүрлілігі және тілдік, мәдени алалықтар. Себебі бұл факторлар патриоттық сезімнің қалыптасуына кедергі келтіре алады.[3]

Американдық «Пью» зерттеу орталығының «Дін және миграция» атты зерттеу жұмысындағы мәліметтері бойынша еліміз эмигранттардың саны бойынша әлемде 11-орынды иеленіп отыр. 2010 жылдың статистикалық деректеріне сүйенсек, Қазақстаннан шет мемлекеттерге 4 миллион 150 мың адам қоныс аударған. Олар:

- Мұсылмандар - 2 миллион 130 мың (51%);
- Христиандар - 560 мың (14%);
- Иудейлер - 10 мыңға жуық (1%-дан аз).

Жоғарыда аталған себептерге байланысты соңғы жылдары Қазақстаннан шетелге ағылған эмигранттардың саны өсу үстінде. Оны Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің мәліметтеріне сүйене отырып дәлелдеуге болады (1-сурет). 2000 жылдардың бастапқы кездерінде келушілердің саны көп болса, 2013 жылдан бастап эмигранттар басым көпшілікке айналды. 2004 жылы иммигранттар саны – 68319 адам болса, 2014 жылы ол көрсеткіш 16784-ке дейін түсіп қалды. Ал эмигранттар саны болса, осы жылдар аралығында 65530-дан 288946-ға түскенмен, бұл көрсеткіш бүгінде иммиграция деңгейінен әлдеқайда артық болып табылады.[4] Қазақстан Республикасының 2011 жылдың 22 шілдесінде қабылданған «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының 11-тарау, 54-бабына сәйкес Қазақстан Республикасынан тыс жерге кететін азаматтар екі санатқа бөлінеді:

- 1) Басқа мемлекетке тұрақты тұруға кеткен азаматтар;
- 2) Басқа мемлекетке уақытша тұруға кеткен азаматтар.[5]

Осы екі санаттың ішінен біріншісі бүгінде сынға алынып, қызу талқыға салынып жүр, себебі бұл фактор «жұмыс күшінің көші» және «ақыл көші» сияқты қауіпті тенденцияларға негіз болып табылады.

«Ақыл көші» мәселесі

«Ақыл көші» деген ұғымға түсініктеме берсек, ол өлкеден немесе елден саяси, экономикалық, діни және басқа себептерге байланысты мамандар, ғалымдар және білікті

жұмыскерлердің жылыстауымен сипатталатын эмиграциялық процесс болып табылады. Бұл тенденцияның мемлекетке тигізер зиянына тоқтала кетейік:

1) Бюджеттік қаржы шығындары. Мемлекеттің қаржысына білім алған мамандар сол мемлекеттің емес, басқа мемлекеттердің пайдасына қызмет атқарады.

2) Білімді, потенциалы үлкен мамандарды жоғалту. Бұл мамандар белсенді түрде жұмыс атқарып, бизнес құрып, өз білімі және тәжірибесімен бөлісіп, елінің дамуына үлкен үлес қосар еді.

3) Жұмыс күшінің дефициті. Бұл экономиканың қандай да бір салаларының дамуына теріс әсер етеді. [6]

Эмиграция мен иммиграцияны салыстыру және қажетті мамандардың дефициті туралы

Қазақстандағы иммиграция және эмиграция мәселелерін салыстырсақ, келушілердің саны кетушілердің санынан көп болғанымен, олардың білім деңгейінде шамалы айырмашылықтар байқалады. Мәселен, 2011 жылы келген жоғары білімі бар азаматтардың саны 3791 болса, шетелге қоныс аударған эмигранттардың арасында ол көрсеткіш 8380-ге теңелді.

Суреттерден көріп отырғанымыздай 3 жыл ішінде жоғары, толық емес жоғары және орташа мамандандырылған категориялары бойынша дисбаланс 16809 адамға теңелді. Осы уақыт аралығында 51605 маман Қазақстаннан басқа елдерге қоныс аударды. Олардың қатарында мынандай салалар бойынша мамандар бар: архитектура (1891 адам), медицина (3923 адам), экономика (4772 адам), заң (1319 адам), ауыл шаруашылығы (1035 адам), техникалық сала (9428), басқа салалар (8866 адам). Бұл мамандар үшін көбінесе ТМД елдері пана болған еді.

Қоныс аударушылардың арасындағы техникалық сала мамандарының көптігіне байланысты Қазақстанда техникалық шикізатты химиялық өңдейтін аппаратшы, ұңғымаларды күрделі жөндеудің бұрғылаушысы, гальваник, геодезист, геолог, гидротехник, гидрогеолог сияқты мамандардың дефициті етек алуда. [7]

Соңғы бес-алты жыл ішінде Қазақстаннан қоныс аударған эмигранттардың үлкен бөлігін 20-24 және 25-29 аралығындағы мамандар құрайды. Мәселен, 2009 жылы 20-29 жас аралығындағы жастар эмигранттардың 28,2%-ын, ал 2012 жылы 23,5%-ын құраған еді. [8] Бұлардың арасында тек техникалық ғылымдар бойынша мамандар ғана емес, гуманитарлық бағыттағы халықаралық қатынастар мамандары, мемлекеттік қызметкерлер, саясаткерлер, кәсіпкерлер, экономистер де жетерлік.

Еуразиялық интеграция зардаптары немесе гастарбайтерлердің шетелге ағылуы Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуына байланысты соңғы кездерде ресейлік гастарбайтерлердің Қазақстанға қоныс аударуы туралы мәселелер жиі көтерілуде. Жақында Астанада өткен «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі еңбек мигранттарына әлеуметтік кепілдемелер» атты брифингте Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің орынбасары Светлана Жакупованың айтуы бойынша 2014 жылы Қазақстан жерінде 7990 ресейлік азамат қызмет атқарған еді. Бұл көрсеткіштер Қазақстанның еңбек нарығына қауіп төндіре қоймайтындығы анық. Алайда вице-министр Қазақстаннан жоғары білімі бар мамандардың кері ағылуынан қауіптеніп отыр. Оған себеп – басқа мемлекеттердегі жалақының Қазақстандағы көрсеткіштерден жоғары болуы және Еуразиялық экономикалық одақ нарығында басталған дағдарыс. [9] МГИМО сараптамалық орталығының мәліметтеріне сүйенсек, 2013 жылы Ресейде қызмет атқарған қазақстандық гастарбайтерлердің саны 600 мың болған. Бұл Қырғызстаннан келген мигранттар санынан 23,5 мыңға көп. Яғни, осы көрсеткіштерден еуразиялық интеграцияның Қазақстанның еңбек нарығына тигізер зиянын анық көре аламыз. [10]

Ұлттық бірыңғай тестілеу «ақыл көшіне» әсер етуші факторлардың бірі ретінде Ақыл көшіне әсер етуші факторлардың ішінен Ұлттық бірыңғай тестілеуді де атап көрсетуге болады. Тестілеуден өтпеген түлектер көп жағдайларда шетелдік оқу орындарына түсуді дұрыс деп санайды. Қазіргі ақпараттық қоғамда ойлау қабілеті жақсы жетілген мамандар

үшін күрес жүргізілуде. Осындай пікірді Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі «Қазақстан Ұлттар Ассамблеясы» депутаттық тобының төрағасы Жұматай Алиев те ұстанып отыр. Оның айтуынша, ҰБТ жүйесі елімізде демографиялық және ұлттық мәселелердің туындауына себепкер болып табылады.[11]

Мектеп оқушылары білім алу мақсатымен қоныс аударатын елдердің ішінде Германия, Чехия, Латвия, Ресей және Қытай алдыңғы позицияларды иеленіп отыр. Бұл мемлекеттер ақысыз оқыту, шәкіртақылар ұсыну, ақысыз тұрақтау және жұмысқа орналасуға көмектесу сияқты мүмкіндіктер ұсыну арқылы болашақ мамандарды өздеріне шақыру үстінде. Ресейлік жоғары оқу орындары Ресейге оқуға түсу процесін жеңілдету мақсатымен Қазақстан жерінде емтихан тапсыруға жағдайлар жасауды ұсынған еді. [12]

Қытайдың интеллектуалды ресурстарды тарту мақсатымен жүргізіп отырған «жұмсақ күш» саясаты Қытайға Орталық Азиядан студенттердің ағылуын өсірді. Олардың ішінде лидерлік позицияны иеленуші – Қазақстан. 2010 жылы Қытайда 7874 қазақстандық білім алса, 2012 жылы ол көрсеткіш 8287-ге теңелді. Қытайға қазақстандық азаматтардың ағылуына әсер етуші факторлардың ішінде Конфуций институттарын атап өтуге болады. Олар Қазақстан жерінде Астана, Алматы, Ақтөбе, Қарағанды қалаларында орналастырылды. [13]

Шетелге шығу бағдарламалары және олардың интеллектуалдық ресурстардың ағылуына әсері

Қазақстан Республикасынан біраз интеллектуалды ресурстардың ағылуына негіз болған - шетелге оқуға жіберу бағдарламалары. Олардың қатарына DAAD, Erasmus Mundus, Chevening, Fulbright, Muskie, Endeavour Awards бағдарламалары, Орталық-Азиялық зерттеушілерге арналған шәкіртақылық бағдарлама, Конфуций институтының бағдарламалары, «Болашақ» бағдарламасын жатқызуға болады. Осылардың ішінен «Болашақ» бағдарламасы бойынша 1993-2013 жылдар аралығында 10346 қазақстанның әлемнің 33 елінің алдыңғы қатарлы 200 жоғарғы оқу орындарында білім алған еді. Алғашында бұл бағдарлама елімізді мықты, білімді мамандармен қамтамасыз ете алатындығына күмән болмады. Алайда шетелден білім алған қазақтардың сол жақта жұмыс жасауға ұмтылыстары «ақыл көші» мәселелесінің күрт өсуіне алып келіп отыр. Осыған байланысты Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Болашақ» бағдарламасын жаңадан ашылған Назарбаев Университетіне ауыстырған болатын, себебі бұл оқу орнына әлемнің түкпір-түкпірінен мамандар мен профессорлар шақырылу үстінде. Ендігі мәселе – Назарбаев Университетінің түлектерінің осы үмітті ақтауында.[14]

Шет мемлекеттерге жұмыс күшінің жаппай ағылуына әсер етуші факторлардың бірі – шетелде жұмыс атқаруға мүмкіндік беруші бағдарламалар. Олардың ішіндегі ең атақтысы – Work & Travel бағдарламасы. Әрине, бағдарламаның өзіндік артықшылықтары да бар. Олар: елімізге капиталдың ағылуы, жастардың тәжірибе жинақтауы. Алайда бағдарламаның оң тұстарынан теріс тұстары көбірек деп ойлаймын. Бұл туралы Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің өкілі Алтай Абибуллаев те айтып өткен еді. Бағдарламаның кемшіліктеріне тоқталсақ:

Қазақстан азаматтарының визаның мерзімі аяқталған соң заңсыз мигранттар қатарына жатқызылуы;

- Жұмыстың табылмау қаупі;
- Таңдалған жұмыс орнының мүлдем жоқ болып шығу қаупі;
- Жұмыскерлерге жағдайлардың жасалмауы.

Сонымен қатар Work & Travel бағдарламасы елімізден жұмыс күшінің шетелге ағылуына әсер етіп отыр. Бұл – бағдарламаның ең басты кемшілігі.[15]

Қазақстан Республикасының премьер-министрі Карим Масимов интеллектуалды эмиграция мәселелеріне көңіл бөле отырып, Астанадағы кәсіпкерлердің бірінші съезінде сөйлеген сөзінде былай деген еді: «Дамушы елдердің, соның ішінде қазақстандық экономиканың алдында тұрған жаңа 4 қауіп бар. Олардың бірі - еңбек ресурстарының мобильділігі. Қазір дамыған елдерде жоғары білімі бар, талантты адамдардың жетіспеушілігі сезілуде. Егер де

АҚШ, Батыс Еуропа елдерінің заңнамаларындағы өзгерістерге көңіл бөлсек, олар білікті мамандар үшін миграция мәселелерін жеңілдетіп қойған. Осыған байланысты дамушы елдерден, соның ішінде Қазақстаннан да білікті, талантты адамдардың көбірек мүмкіндіктер ұсынатын дамыған елдерге қоныс аудару қаупі бар». [16]

«Ақыл көшін» соңғы кездері тек негативті жақтан қарастырмай, оның пайдалы тұстарына да мән берілуде. «Ақыл көші» түсінігімен қатар «ақыл алмасу» немесе «ақылдың мобильділігі» сияқты ұғымдар қолданысқа ене бастады. Шетелге жұмыс атқаруға кеткен мамандар өз елінде қалған отбасы мүшелеріне ақша аударып тұрады. Бұндай аударылымдар кейбір дамушы елдердің ЖІӨ-нің 1/5 бөлігін құрап отыр. Сонымен қатар басқа мемлекеттерде жұмыс атқарып, табысқа қол жеткізген мигранттар қайтып оралады немесе Отанының экономикасына инвестициялар құя бастайды. Осындай инвестициялардың арқасында Үндістанда бүгінде 10 софтверлік компания құрылды.

Қорытынды

Сонымен, қорытындылай келе Қазақстан Республикасының басты мәселелерінің бірі болып табылатын «ақыл көші» мәселесі бүгінде эмиграцияның жиілеуіне байланысты ушыға түсуде. Шетелге жалақысы жоғары жұмыс немесе сапалы білім іздеп кеткен отандастарымызды қайтару еліміздің саясатындағы басты бағыттардың біріне айналды. Осы әрекетті жүзеге асыру үшін Елбасымыз белсенді миграциялық бағдарламаны іске қосып, басқа елдерде жүрген репатрианттарды әртүрлі жеңілдіктер арқылы Қазақстанға тартуда. Одан басқа мынандай тәсілдерді атап өте аламыз:

- Мемлекеттің имиджін көтеру;
- Халыққа әлеуметтік жеңілдіктер жасау;
- Білім беруде жаңа стандарттар енгізіп, сапалылыққа көп мән беру;
- Ішкі саясаттағы қажетсіз жүйелерді жою;
- Жемқорлықпен күрес;
- Жалақыны көтеру.

Осылайша, мәселені шешудің бірнеше жолдарын ұсынуға болады. Алайда ең бастысы – еліміздің ішкі саясатындағы алалықтарды жою. Тек әділ үкімет ғана адал халыққа ие бола алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Как жить на две страны – В. Ларина http://forbes.kz/life/observation/pr-klub_kazahstana
2. Из Казахстана уехало 4 миллиона 150 тысяч человек – Л. Танаева http://rus.azattyq.org/content/migration_kazakh_religion/24534807.html
3. Казахстанцы мигрируют в поисках лучшей жизни <http://kapital.kz/gosudarstvo/15525/kazahstancy-migriruyut-v-poiskah-luchshej-zhizni.html>
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты http://stat.gov.kz/faces/homePage?_adf.ctrl-state=vc7v3ntfj_4&_afLoop=20519569683248194
5. ҚР халықтың көші-қоны туралы заңы, 2011 жылдың 22-шілдесі <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000477>
6. «Утечка мозгов» из Казахстана: выдумка или реальность? – А. Бокеев <http://www.ia-centr.ru/expert/8552/>
7. Продолжается утечка мозгов из Казахстана – Д. Атабаев <http://rus.azattyq.org/content/migration-shots-nurymbetov-statistician/24584251.html>
8. Почему утекают «мозги» и как их вернуть?.. Елена Садовская: «Казахстан вас ждет, но дважды подумайте, прежде чем возвращаться» - Сауле Исабаева <http://www.russianskz.info/society/6379-pochemu-utekayut-mozgi-i-kak-ih-vernut-elena-sadovskaya-kazakhstan-vas-zhdet-no-dvazhdy-podumayte-prezhde-chem-vozvrashchatsya.html>
9. ЕАЭС: Угроза утечки мозгов из Казахстана? – А. Бекбасова http://www.ratel.kz/raw/trudovye_migranti/

10. Рост трудовой миграции из Казахстана отмечают эксперты <http://newskaz.ru/comment/20131029/5723690.html>
11. ЕНТ способствует «утечке мозгов» из Казахстана http://tengrinews.kz/kazakhstan_news/ent-sposobstvuet-utechke-mozgov-iz-kazahstana-244971/
12. Почему китайцы привлекают талантливых к себе на учебу <http://news.nur.kz/314925.html>
13. Образовательная миграция из Казахстана в Китай: опережающая динамика на фоне других видов миграции – Е.Ю. Садовская <http://www.kisi.kz/site.html?id=10501>
14. <http://bolashak.gov.kz/index.php/ru/>
15. Казахстанских студентов предупредили об опасностях программы WorkandTravel <http://news.nur.kz/217813.html>
16. Утечка кадров может негативно сказаться на Казахстанской экономике <http://kapital.kz/details/31401/utechka-kadrov-mozhet-negativno-skazatsya-na-kazahstanskoj-ekonomike.html>

УДК 327.394.00.32

ЦИВИЛИЗАЦИОННЫЕ КОНФЛИКТЫ: КЛАССИФИКАЦИЯ И ПРИЧИНЫ ПОЯВЛЕНИЯ

Темиров Ануар Еренович

temirov.ir@gmail.com

студент 2 курса факультета Международные отношения

ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – А.Ж. Турханова

На протяжении всего периода существования человечества люди имели различные мнения, идеологии и видения на те или иные вопросы, которые заставляли их сразиться в схватке и выяснить, кто же из них является сильнейшим. На все это влияли также культурные, языковые признаки, идентичность или схожесть которых заставляла сблизаться целые народы и этносы, а различия могли приводить к войнам. И по сей день многие цивилизации, не находя общих точек соприкосновения, сталкиваются друг с другом и попытка систематизировать данные конфликты и, возможно, понять сущность важности цивилизационного подхода в международных отношениях является целью данной статьи.

Из всех исследователей, изучавших и классифицирующих цивилизации на определенные группы, больше всех выделяется С. Хантингтон, т.к. именно он не отрицает африканской цивилизации как таковой, а также охватывает и систематизирует практически все народы, нации, народности в 8 групп цивилизаций, а именно:

- 1) Западная цивилизация
- 2) Синская цивилизация
- 3) Православная цивилизация
- 4) Латиноамериканская цивилизация
- 5) Мусульманская цивилизация
- 6) Африканская цивилизация
- 7) Индуистская цивилизация
- 8) Японская цивилизация.[1, С.20]

Причин зарождения «горячих точек» на Земле, когда Запад сталкивается с Востоком, Север с Югом, иными словами, когда происходит борьба цивилизаций, достаточно много. Однако, если раньше, цивилизации сталкивались, в основном, из-за расширения своих границ и в поисках обогащения, то теперь же можно выделить 4 структурированных причины или фактора, отвечающие на вопрос о конфликтах цивилизаций.

Во-первых, как и политика, по выражению В.И. Ленина, это экономика, так и экономический фактор влияет на столкновение различных цивилизаций. Более того, можно